

"Қазақойл" Ұлттық мұнай-газ компаниясын" құру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3378

Мұнай-газ секторының экономикалық даму үшін маңыздылығын назарға ала отырып және көмірсутегілерін барлау, игеру, өндіру және өңдеу жөніндегі келісімдерде Қазақстан Республикасының мүдделерін қорғау мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) он күндік мерзімде акционерлік қоғам нысанында "Қазақойл" Ұлттық мұнай-газ компаниясын" құруды қамтамасыз етсін, оның қызметінің арқауы болып көмірсутегілерін барлау, игеру, өндіру және өңдеу белгіленсін. P981151, U020811

2) құрылып жатқан "Қазақойл" Ұлттық мұнай-газ компаниясына" Қазақстан Республикасының Каспий құбыр желісі Консорциумындағы үлесін, шаруашылық серіктестіктер мен бірлескен кәсіпорындардағы үлестерін, өндіруші және өңдеуші акционерлік қоғамдардағы акциялардың мемлекеттік пакеттерін қоса алғанда, көмірсутегілерін барлау, игеру, өндіру және өңдеу жөніндегі келісімдердегі Қазақстан Республикасы тиесілі үлестерді беретін болсын. P970410, P980442, P990662

3) "Қазақойл" Ұлттық мұнай-газ компаниясының" активтерінің тізбесі мен қ ұ р ы л ы м ы н а й қ ы н д а с ы н .

4) заңда белгіленген тәртіппен құрылтай құжаттарын бекітіп, "Қазақойл" Ұлттық мұнай-газ компаниясын" тіркейтін болсын.

ЕСКЕРТУ. 1 тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 2000.12.13. N 507 Жарлығымен.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті